«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52
телефон: 23-53-72

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица проспект Абая, 52
телефон: 23-53-72

_____№_____

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы О. Искаковқа

2025 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 13-15/6772 өтініш хатқа

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 26)тармақшасына сәйкес монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысын жолдайды.

Қорытынды 3 парақта

Департамент басшысы
Д.Токжанов

Қанатбай Диас Жұмаханұлы 13.03.2026 15:58

орынд. Ә. Сұлтан

Scanned with CamScanner

Қызылорда облысының облысының денсаулық сақтау басқармасының Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қызылорда қаласы **08.01.2026 жыл**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII)* 16-бабы 3-тармағының 26)тармақшасына сәйкес, монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы **қорытындысы** болған кезде мемлекеттік органның тиісті өздерінің өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жүзеге асырылады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне *(әрі қарай – Департамент)* Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының *(әрі қарай – Басқарма)* монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысын беру туралы 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 13-15/6772 өтінішхаты келіп түсті.

Өтінішхатқа сәйкес, Басқарма халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер, яғни, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру қызметін өзінің басқаруындағы «Қызылорда облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына *(әрі қарай - Кәсіпорын)* бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізуді жоспарлап отыр.

Өтінішхатты қарау нәтижесінда төмендегілер анықталды:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің *(бұдан әрі- Кодекс)* 99-бабының 2-тармағына сәйкес, АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу **уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен** жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Кодекстің 162-бабының 2-тармағына сәйкес АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын **мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жүзеге асырылатыны көрсетілген**.

«АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығының 2-тармағының 4)тармақшасына

Электрондық жұмыс тобы 13.03.2026 15:58

Scanned with CamScanner

сәйкес АИТВ – инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы – міндетті, анонимдік және *(немесе)* құпия медициналық зерттеп-қарауды және АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша консультация беруді жүргізетін ұйым.

Оған қоса, Кодекстің 196 бабына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне АИТВ инфекциясы профилактикасы мен диагностикасы жөнінде қызметтер жатады.

Сонымен қатар, Кодекстің 12-бабының 2-тармағы 21) тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрі-дәрмектік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халыққа медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде **әлеуметтік мәні бар аурулардың** және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және емделуін ұйымдастырады *(ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген **әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесіне** - Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) тудыратын ауру енгізілген);*

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №06-02/1756 хатымен ұсынған мәліметіне сәйкес, Қызылорда облысында ***ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру қызметін*** Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» КМҚК ғана көрсететінін мәлімдеді.

Сонымен бірге, мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау нәтижесіне сәйкес, мәлімделген халыққа көрсетілетін медициналық қызметтерді ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру қызметі бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы алдыңғы кезеңдердегі жарияланған мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің нәтижелері, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілердің қатысу белсенділігі зерттеліп, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тарапынан тиісті қызметті бәсекелестік негізде көрсету фактілері анықталмады.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген нормалардың мазмұнына сәйкес, АИТВ инфекциясының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қызметі заңнамалық деңгейде мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының айрықша құзыретіне жатқызылған, ал аталған қызмет түрлерін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің көрсетуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген.

Қорытынды

Департамент, жоғарыдағы баяндалғандарды негізге ала отырып, Кодекстің 12-бабының 2-тармағы 21) тармақшасын, 99-бабының 2-тармағын, 162-бабының 2-тармағын, 196-бабын; «АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығының 2-тармағының 4) тармақшасын және «Мемлекеттік сатып алу туралы»

Қаратбай Ділдәр Жұмабекқызы 13.03.2026 15:58

Scanned with CamScanner

Қазақстан Республикасы Заңының *(әрі қарай - Заң)* 16-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып, Заңның 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес, Басқарманың 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 13-15/6772 өтінішхатында көрсетілген халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер, яғни ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру қызмет түріне ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін хабарлайды.

Бәсекелесікті дамыту бөлімінің бас маманы **Ә. Сұлтан**

Келісілді:
Бәсекелесікті дамыту бөлімінің басшысы **Ж. Кенжалиева**

Департамент басшысының орынбасары **Е. Казнгулов**

Департамент басшысы **Д. Токжанов**

Қанатбай Диас Жұмажанұлы 13.03.2026 15:58

Scanned with CamScanner